

30 ҚАЗАН,
2025 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБІ
№119 (23 588)

ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Аймақтың
бағыты айқын

2-бет

Мұқтажға медет
болғандар

5-бет

Екі алтын
аздық етті

8-бет


Жасанды интеллект білім саласын жарылқай ма?



Жаһанды жаулаған жасанды интеллект қазір барлық салаға батыл түрде еніп келеді. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында елімізді үш жыл ішінде жаппай цифрлы елге айналдыру міндеті тұрғанын атады. ЖИ білім беру жүйесінде де басымдыққа ие болып отыр. Президенттің сөзінше, ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған ЖИ негіздері туралы материалдар дайындап, ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек. Сонымен, ЖИ білім саласына қандай өзгеріс әкеледі? Өмірдегі білім саласына ЖИ-ді енгізудің лайықты бастамасы қалай?

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

**ЖИ педагог
орнын алмастырмайды**
Жасанды интеллект педагогтің орнын алмастыра алмайды. Бұл тек кәсіби қызметін жеңілдететін сенімді әрі көмекші құрал болады. Сонымен қоса, мұғалімнің уақыттың үнемдеп, шығармашылыққа көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.



Коллаж жасаған Аруйлым Қоспаева

3-бет

РЕСМИ

ЖИ туралы Заң қабылданды

Қазақстан Парламенті жасанды интеллекттің дамыту мен қолдану саласын құқықтық тұрғыдан реттейтін маңызды құжатты қабылдады. Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар Сенат енгізген түзетулермен келісіп, «Жасанды интеллект туралы» Заң мен оған ілесіп әкптілерді мақұлдады деп хабарлады KAZINFORM агенттігі.

Аталған Заң елімізде жасанды интеллекттің енгізу мен пайдалануға қатысты негізгі қағидаттарды айқындайды. Құжат цифрландыру үдерістерін реттеуге, қауіпсіз және этикалық енгізуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ, инновациялық дамуды қолдауға бағытталған.

– Парламент Сенаты үш Заң бойынша 16 түзету енгізді. Бұл түзетулер редакциялық және нақтылау сипатында, сондықтан құқық қолдану практикасына әсер етпейді, – деді Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева.

Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті Сенат енгізген түзетулермен келісу жөнінде қорытынды ұсынып, палата депутаттары бұл ұсынысты қолдады.

Өз тілшімізден

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14	10 141,30
		12 ай 27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30	5 891,30
		12 ай 12 282,60	11 782,60

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	10 500	23 540,28	15 782,60
Жеке жазылулар үшін	4 800	11 082,600	10 682,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otddl.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR
арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

«Қарызсыз қоғам» күрдымнан құтқарады

Нарықтық қоғамда банк несиесі сұрағанның ешбірінің қолын қаппайды. Тегін бергендей елестейтін несиесі төлеуге келгенде тығырыққа тірейді. Қаржылық сауатсыздықтың соңы осындай қарызға белшеден батырады.

Президент тапсырмасымен жұртшылықтың сауатын көтеру үшін ұлттық жобалар қолға алынғаны мәлім. Қарыз қамытынан құтқаруды мақсат тұтқан жоба аймақта да нәтижесін беруде.

Өткен жолы банкроттық рәсімге тапсырудың екі жолы жайында жазған болатынбыз. Енді игі бастамалар жөнінде қаузап көрелік...

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа жоба көңіл қуантты

Қазіргі таңда «Банкроттық туралы» заң аясында өңірде «Төлем қабілетін қалпына келтіру» жобасы іске қосылған. Бұл жоба банкроттықтың екі түріне жатпайды. Дегенмен, ол да сот арқылы жүзеге асатын процесс. Сот процестері үшін де 85 мың теңге төлейсіз. Бірақ, олардан басты айырмашылығы – тұрақты табысыңыз болуы шарт. Яғни, кем дегенде соңғы алты айда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ақша түсіп тұрғаны керек.

Атыңызда мүліктің болып-болмауы – маңызды емес. Егер атыңызда мүлік болса, сот оны сатқызуы әбден мүмкін. Егер басыңыздағы жалғыз баспананың болса, алып та қалуы ықтимал. Сонымен қатар, берешегіңіздің мерзімі өтіп кеткен жағдайда да өтінім бере аласыз.

Егер сот шешімі оңынан шықса, сіздің бес немересі одан да көп банктен алған несиенізді бір жүйеге біріктіріп береді. Сонымен қатар, банктердің үстіне қосқан пайыздарын да толық алып тастайды. Яғни, тек бастапқы қарыз сомасын ғана өтейсіз. Ал, сот сол қарызды төлеу мерзімін тек бес жылға дейін ғана ұзартып бере алады.

– Бұл жерде де түрлі жағдай болады. Мәселен, сіздің мойныңызда 10 млн теңге қарыз бар делік. Сот сізге бұл ақшаны бес жылға бөліп бере алмайды. Ал, айлығыңыз орта есеппен алғанда 200 мың теңге.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...



Коллаж жасаған Аруйлым Қоспаева

4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 632.24

•USD/KZT 541.63

•RUB/KZT 6.61

•CNY/KZT 76.08

Қазақстан Ұлттық Банкінің
29 қазан, 2025 жылғы дерегі бойынша

Аймақтың бағыты айқын

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылауға арналған сараптамалық кездесу өтті.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Келелі кездесуге аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев төрағалық етіп, өзге жоғары оқу орындарының, облыстық басқармалар басшылары, аймақтың жетекші ғалымдары мен сарапшылары, оқытушылар мен студент жастар, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Зуум платформасы негізінде қала мен аудан әкімдері де белсене үн қатты. Негізгі мақсат – Президент Жолдауында айқындалған жаңа экономикалық, цифрлық және әлеуметтік даму бағыттарын талқылап, Қарағанды өңірінде бірқатар бастамаларды іске асырудың тиімді тетіктерін нақтылау болды.

– Біз технология мен жасанды интеллект экономиканың қозға-

ушы күшіне айналып келе жатқан жаңа индустриялық дәуірге аяқ бастық. Өңір кәсіпорындарында цифрлық егіздер, техникалық көру жүйелері мен автоматтандырылған алгоритмдер қолданысқа енгізілуде. Бұл шешімдер еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, экологиялық көрсеткіштерді жақсартады, шығындарды азайтады және өңір өнеркәсібінің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев сөз басында.

Шара барысында қатысушылар «Әділ экономика мен жаңа кәсіптің алаңы», «Жасанды интеллект және цифрлық индустрия», «Білім мен инновация синергиясы» секілді өзекті тақырыптар төңірегінде ой бөлісті. ҚарТУ ректоры Сәуле Сағынтаева өз кезегінде Мемлекет басшысының тапсырмалары еліміздің иннова-

циялық және зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталғанын атап өтті.

– Жасанды интеллект игілігін өндіріс үдерісін бақылау, жоғары технологиядағы сұранысқа ие бағыттарды зерделеу – университеттің күнделікті негізіндегі айналысатын маңызды міндеті. Халықаралық деңгейдегі өзекті жайттарды кәдеге жарату әрқашан өзекті, – деп ой тұжырды Сәуле Саветкызы.

Бірқатар спикерлер мен сарапшылар өз салаларындағы озық тәжірибелерімен бөлісіп, цифрлық трансформация, әділ экономика қағидалары мен инновациялық кәсіпкерлікті дамыту мәселелеріне айрықша назар аударды. Сараптамалық кездесу соңында қатысушылар тараптарының озық ұсыныстары жинақталып, өңірлік деңгейде жүзеге асырылатын ба-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

стамалар пакеті әзірленді.

Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильницкий Smart Region тұжырымдамасының жүзеге асырылуы жөнінде баяндады. Оның айтуынша, жасанды интеллект жолдардың жағдайын бақылауға, бағдарламалардың жұмысын оңтайландыруға және жасыл желктерді есепке алуға мүмкіндік береді.

– Қазір біз автокөлік жүргізушілерінің күнделікті өмірін жеңілдететін жаңа жоба әзірлеудеміз. Жүйе қалалық бейнекамералар арқылы бос тұрақ орындарын автоматты түрде анықтап, деректерді навигациялық қосымшаларға жіберіп отырады. Тестілеу кезеңінде жоба өз тиімділігін толық дәлелдеді, – деп атап өтті Константин Ильницкий.

Ол бұл технологияның нақты жұмыс істеу үлгісін теміржол вокзалы маңындағы автотұрақ мысалында көрсетті. Кездесу соңында өңірдің ғылыми және білім беру саласын дамытуға қосқан зор үлестері үшін және «Телекоммуникациялық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі, Cisco және Huawei академияларының әкімшісі Нұрбол Калиаскаров, «Пайдалы қазбалар кен орындарын игеру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD докторы Азамат Матаев, «Ақпараттық-есептеуіш жүйелер» кафедрасының оқытушысы, Жасанды интеллект жөніндегі зерттеу секциясының жетекшісі Марғұлан Нұртай Дәуітұлы облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Жиын қорытындысы бойынша облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірде жасанды интеллектті дамыту жөніндегі аймақтық жоспар әзірлеуді, сондай-ақ ғылым, бизнес және өндіріс арасындағы серіктестікті күшейтуді тапсырды.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• «КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ»

Сапалы білім, саналы ұрпақ

Республика күні қарсаңында Шет ауданының Сәкен Сейфуллин атындағы кентінің тұрғындары үшін ерекше қуанышты оқиға орын алды деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі. «Келешек мектебі» ұлттық жобасы аясында жаңа заманауи мектеп өз есігін айқара ашты. 300 орынға арналған бұл білім ордасында оқушылардың жан-жақты дамуына және сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кең әрі жарық оқу кабинеттері заманауи, эргономикалық жиһазбен жабдықталған. Мектепте асхана, кітапхана, акт залы және спорт залы қарастырылған. Сондай-ақ, STEM-зертхана, жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптар, робототехника және графикалық дизайн кабинеттері, түрлі үйірмелерге арналған арнайы бөлмелер жұмыс істейді.

Білім беру үрдісіне цифрлық технологияларды кеңінен енгізу мақсатында мектепке жасанды интеллект технологиясымен жабдықталған 22 интерактивті тақта орнатылған.

Білім ордасының қауіпсіздік жүйесі қазіргі талаптарға толық сай. Мектепте полициямен тікелей байланыс орнатуға арналған дабыл түймелері және жоғары бақылау функциясы бар бейнекамералар қойылған. Бұл төтенше жағдай туындаған сәтте ахуалды жедел анықтап, тез арада тиісті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Салтанатты іс-шарада облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құттықтау сөз сөйлеп, жаңа мектептің жас ұрпақ тәрбиесіндегі

маңызды рөліне тоқталды.

– Қымбатты балалар! Бүгін сіздердің алдарыңызда үлкен мүмкіндіктердің есігі ашылды. Бұл мектеп арман-мақсаттарыңыздың бастауына айналсын. Ізденімпаз, білімге құштар, отанның сүйетін ұрпақ болып өсе беріңіздер. Біз ұстаздар мен ата-аналардың еңбегін жоғары бағалаймыз – ол еліміздің болашағының берік іргетасы. Баршаңызды Республика күнімен және жаңа мектептің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Осы білім ордасы өскелең ұрпақтың нағыз білім мен тәрбие ошағына айналсын! – деді ол.

Оқушылар алғашқы сабақтарын бастаумен қатар, мектептің кабинеттерімен танысып шықты.

– Осындай жаңа мектепте оқу мүмкіндігі туғанына өте қуаныштымын. Біз бұл сәтті ұзақ күттік. Барлық кабинеттерді аралап шықтық. Маған әсіресе би сыныбы қатты ұнады – тура фильмдегідей, – деді 9-сынып оқушысы Нұрай Еркекова.

Сыныптастары да жаңа білім ошағының кеңдігі мен қолайлы жағдайын ерекше атап өтті.

Жаңа кабинеттер мен техникалық жабдықтарды мұғалімдер де зерделеу үстінде.

– Біздің еңбек кабинеті өте жақсы жаракталған. Мұнда темір және ағаш шеберханалары, заманауи құрал-жабдықтар мен презентациялар жасауға арналған цифрлық технологиялар бар. Енді оқушылардың еңбек сабағына қызығушылығы бұдан да арта түседі. Шынымды айтсам, мектебімізде осындай техника болады деп ойламаппын. Енді біз де жаңа технологияларды меңгеріп, балаларға үйрететін боламыз, – деді бейнелеу өнері және еңбек пәнінің мұғалімі Көмекбай Түсіпбеков:



Білім саласының ардагері, ата-аналар комитетінің төрайымы Айнагүл Түсіпбекова да жаңа мектепке ризашылығын білдірді. 40 жылын білім беру саласына арнаған ардагердің айтуынша, бұл нысан сапалы білім алуға толық мүмкіндік береді. Оның екі немересі дәл осы мектепте оқиды.

Мектептің басты ерекшеліктерінің бірі – бастауыш және жоғары сыныптарға арналған бөлек блоктардың болуы. Сонымен қатар, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қол жетімді орта толық қамтамасыз етілген: бірінші және екінші қабатты байланыстыратын арнайы лифт орнатылған.

Сәкен Сейфуллин атындағы тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) директоры Алма Әбеуова:

– Кентімізде осындай заманауи мектептің ашылғанына бәріміз өте қуаныштымыз. Бұрын бұл – тек арман болатын. Енді, міне, мектебіміз барлық заманауи білім

стандарттарына толық сәйкес келеді. Әсіресе, бастауыш сыныптарға арналған кабинеттер өте ыңғайлы. Педагогикалық құрам толық жасақталған, – деді.

Мектеп аумағында футбол, волейбол, баскетбол және хоккей алаңдары, сондай-ақ, воркаут аймағы бар. Бұл оқушылардың спортпен шұғылдануына және бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.

Ауылдық жерлердегі білім беру нысандарын жаңғырту бағдарламасы жүйелі түрде жалғасын табуда. Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында да «Келешек мектебі» жобасы бойынша жаңа мектептің құрылысы жүріп жатыр.

Сонғы екі жылда Қарағанды облысында жеті жаңа мектеп салынды. Оның төртеуі дәл осы Ұлттық жоба аясында пайдалануға берілген.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Егемен елдің мерейі

Аймақта Республика күні қарсаңында Ту-тұғыр алаңында Ту көтеру рәсімі өтті. Салтанатты іс-шараға облыс басшылығы, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік мекеме ұйымдары мен қала тұрғындары қатысты.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мінберге шығып, жерлестерді мән-маңызы зор мерекемен құттықтады.

– Баршаңызды ұлтымыздың елдігін айғайтайтын ұлық мерекемен құттықтаймын! Жасына, тегіне, ұлтына, басқа да ерекшеліктерге қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болу – зор мәртебе! Мереке қарсаңында өңірімізде өнегелі іс-шаралар лек-легімен жалғасып келеді. Еліміздің егемендігінің құрметіне көтерілген көк Туымыз әрдайым жеңісіміздің жарқын дәлелі болып, қуатты һәм әділетті Қазақстан құру жолында бекем болайық! Тауел-

сіздігіміз баянды, еліміздің ертені жарқын болғай, – деді аймақ басшысы.

25 қазанда еліміздің түпкір-түпкірінде байрағымыз көкке көтеріліп, салтанатты жиындар өтті. Дәл осы күні, 35 жыл бұрын елдіктің іргесі қаланып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қабылданған болатын.

Іс-шара соңында қала өнерпаздары рухты әндер шырқап, қала тұрғындарына мерекелік көңіл күй сыйлады. Тұғырлы тәуелсіздігіміздің паркінен жете түсініп, сәуелі сәттеріміз ұзағынан болғай!

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Дәрігерлерге тарту

Республика күні мерекесі қарсаңында Нұра ауданының орталығында медицина қызметкерлеріне арналған Дәрігерлер үйі пайдалануға берілді. Бұл – ауданның әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған игі істердің бірі.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жаңадан салынған тұрғын үйдің ашылу салтанатына аудан әкімі Бақытжан Мұқанов, медицина саласында қызмет жасайтын мамандар және аудан тұрғындары қатысты. Салтанатты іс-шара барысында аудан басшысы медицина саласы өкілдерін қоныстоймен құттықтап, Мемлекет басшысының халық игілігі жолындағы саясатының нәтижесінде ауданда осындай әлеуметтік нысандардың бой көтеріп жатқанын атап өтті.

«Бұл – мемлекетіміздің дәрігер еңбегіне деген зор құрметінің, қамқорлығының белгісі. Ақ халатты абзал жандардың қызметі – адам өмірімен тікелей байланысты, сондықтан сіздердің еңбектеріңізге баға жетпейді», – деді өңір басшысы өз құттықтауында.

Жаңа үй заман талабына сай салынып, әр пәтер заманауи жиһаздармен жабдықталған, сондай-ақ, орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосылған. Мұнда ауданның медицина саласында еңбек ететін қызметкерлер мен жас мамандар қоныстанбақ. Дәрігерлер үйін ашу барысында жиналған жұртқа жаңа пәтерлер көрсетіліп, тұрғындарға ақ баталар беріліп, жылы лебіздер айтылды.

2025 жылғы 26 қазанда өткен Қарағанды қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау қорытындылары туралы хабарлама

2025 жылғы 26 қазанда №8, №14 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Қарағанды қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау өтті.

Сайлаушылар тізіміне 24 538 азамат енгізілді. Дауыс беруге – 15 259 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша – 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс – 21 сайлаушы қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны – 6.

1. №8, №14 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Қарағанды қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлаудың келесі қорытындылары белгіленді:

№8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша: Мәрат Бұромбайұлы Истимесов үшін 1128 сайлаушы дауыс берді; Саят Ермекұлы Кәрібаев үшін 1690 сайлаушы дауыс берді; Ербол Уәлиұлы Төлеуов үшін 5328 сайлаушы дауыс берді; «Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 188.

№ 14 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша: Қуанышбек Бұланұлы Адамов үшін 3895 сайлаушы дауыс берді; Заңғар Мадиярұлы Серіков үшін 886 сайлаушы дауыс берді; Ертай Лерикулы Төлегенов үшін 1921 сайлаушы дауысы берді; «Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 177.

2. Сайлау қорытындысы бойынша Қарағанды қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланды:

№ 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Ербол Уәлиұлы Төлеуов, 1969 жылы туған, «Қарағанды Су» ЖШС бас директоры, Қарағанды қ.;

№ 14 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қуанышбек Бұланұлы Адамов, 1979 жылы туған, «BOLASHAQ» академиясы» ЖМ ректоры, Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

• ҢЫТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақ тілін ұлықтаған келісім

Қарағанды облысындағы мектеп оқушылары арасында «Тұлпар мініп, ту алған» атты жыр жаттау байқауы кең көлемде өткізілуде. Аталған жоба жеңімпаздарына қолдау білдіру аясында Қарағанды облысы әкімдігі Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы және Қазтұтынуодағы Қарағанды университетімен өзара ынтымақтастық меморандумға қол қойды. Жоба жеңімпазы атанатын ұстазға Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы автокөлік, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті «Тұлпар мініп, ту алған» байқауында жеңімпаз атанған оқушыға төрт жылдық білім беру грантын ұсыныбақ. Бұл өскелең ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп, интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадам болмақ.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін арттыру – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың азаматтардың мемлекетшілдік сана-сезімін арттыру және кітап оқу мәдениетін өрістету жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Қарағанды облысында ауқымды жоба қолға алынып, «Тұлпар мініп, ту алған» атты облыстық байқау өткізіліп келеді.

– Бүгін біз елдік маңызы бар үлкен істің басында тұрмыз. Мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі орнын күшейту тек тіл саясатына қатысты дүние емес, ұлт-

тық болмысты сақтай отырып, болашаққа аманат ету жолындағы маңызды қадам. Қарағанды облысында тіл мен рухани-ятты қолдауда ауқымды жұмыстар атқарылуда. Соның бірі – «Тұлпар мініп, ту алған» жобасы. Биыл облыстың 13 өңірінен 4 мыңға жуық бала қатысып отыр. Бұл жоба балалардың мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін, сөз байлығын кеңейтуге бағытталды. Сонымен қоса, жоба жас ұрпақ арасында патриоттық сезімді оятуға, Қазақстанның тарихын білуге үйретеді. Мұның бәрі ғасырлар бойы қазақтың халық ауыз әдебиетінде, жырларында сақталған. Әр жырда елді қорғау, бірлікті ту қылу мәселелері көтеріледі. Қарағанды облысында кең көлемде қолға алынған

«Тұлпар мініп, ту алған» жобасының басты мақсаты осы, – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

Әлібек Үсенұлы аталған жобаға серіктес болып, қолдау білдірген «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Президенті Рауан Кенжеханұлы мен Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне алғыс білдірді. Сондай-ақ, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында мұндай жобалардың алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді. – «Қазақ тілі» қоғамы мемлекеттік тілді дамытуда еліміз үшін маңызды үш бағытты қолға алды. Соның бірі – білім беру жүйесіндегі тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі мен тәжірибесін жетілдіру. Балабақша мен мектеп қабырғасында, жалпы білім беру ошақтарында қазақ тілін оқыту әдістемесі жетілмей, біз мемлекеттік тілді тиісті тұғырына шығара алмақ емеспіз. «Тұлпар мініп, ту алған» бас-тамасы аясында мектеп оқушыларына, оларды баулып, дайындаған ұстаздарына қолдау білдіру – біз үшін өте маңызды. Жобаны жүзеге асыруда аймақтардағы әкімдіктердің көмегіне жүгінеміз. Осы орайда еліміз бойынша үш өңірде, атап айтқанда Астана мен Алматы қалаларында және Қарағанды облысында бөлек Тіл басқармалары жұмыс істеп, мемлекеттік тіл саясатын өркендетуге үлес қосып, басқа да аймақтарға үлгі көрсетіп келеді, – деді Рауан Кенжеханұлы.

Университет ректорының міндетін атқарушы Алмас Орынбеков жоғарғы оқу орнында мемлекеттік тілді дамыту аясында бірқатар шаралар атқарылып жатқанын атап өтті. Айтуынша, университетте 30 жылдан астам «Қазақ тілі және Қазақстан» кафедрасы жұмыс істеп келеді. Тілдерді дамыту басқармасымен тығыз байланыста. Сондай-ақ, «Qaztes» қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған аудитория ашылғанын атады.

Өңірдегі «Тұлпар мініп, ту алған» байқауына қолдау білдіруге дайын екенін жеткізді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• МАРАПАТ

Қарағанды ұстаздары үздік

Елімізде «Үздік педагог – 2025» республикалық байқауының қорытындысы жарияланды. Биыл Қазақстанның барлық өңірлерінен 64 мұғалім мәртебелі атаққа ие болды. Жеңімпаздарға 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни, шамамен 4 млн тенге сыйақы табысталды. Өз кәсібилігін ұдайы дәлелдеп келе жатқан Қарағанды облысы ұстаздарының да мерейі үстем. Облыстық білім басқармасының мәліметінше, үздіктер қатарынан табылған Шет ауданы Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, педагог-шебер Гүлжан Әлібаева мен Қарағанды жоғары «Bolashaq» колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, педагог-зерттеуші Меруерт Қабылова да осы қатарда.



Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Астанада өткен салтанатты марапаттау рәсімінде жеңімпаздарға жүлделерді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова табыстады. Биылғы байқау үш кезең бойынша – аудандық, облыстық және республикалық деңгейде ұйымдастырылды. Бәсекелестік айрықша жоғары болғаны атап өтілді.

Байқаудың іріктеу кезеңіне республика бойынша шамамен 1500 педагог қатысқан. Оның жартысына жуығы облыстық кезеңге өткен. Ал, финалға 174 қатысушы жолдама алып, солардың арасынан үздік деп танылған 64 ұстаз анықталды.

Жеңімпаздардың бірі Меруерт Қабылова өз әсерімен бөлісті.

– Әлі де ерекше қуаныш үстіндемін. Еңбегімнің еленгені – үлкен жауапкершілік. Байқау аясында Астанада халық-



Сурет облыс әкімінің салтанаттан

аралық университеттің педагогикалық колледжінде ашық сабақ өткіздім. Білім беру саласында 22 жылдан астам еңбек етемін. Оның 10 жылын мектепте, соңғы 12 жылын «Bolashaq» колледжінде өткізіп келемін. Қазіргі уақытта тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары қызметін атқарамын және қазақ тілі мен әдебиетін оқытамын. Республикалық деңгейде қорғалған әдістемелік құралым бар. Сонымен бірге, педагогикалық идеялар халықаралық жәрмеңкесінде үшінші орынға ие болдым. Студенттерім республикалық байқауларда жүлделі орындар иеленіп, үздік 100-дік қатарына енді, – дейді ол.

«Үздік педагог» республикалық байқауы 2012 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Оның басты мақсаты – педагог мамандығының мәртебесін арттыру, білім беру сапасын көтеру және сала үздіктерін қолдау.

Жасанды интеллект білім саласын жарылқай ма?

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ЮНЕСКО-мен бірлесіп, халықаралық тәжірибеге негізделген Жасанды интеллект курстарын әзірлеген болатын. Қазіргі таңда еліміздегі ұстаздар қауымы осы курстан өтіп, дайындалған шындап жатыр. Мәселен, республика бойынша 269 мыңға жуық педагогтың 200 мыңнан астамы сертификат алды. Ал Қарағанды облысы бойынша 8689 педагог курстан өтті. «Өрлеу» ұлттық орталығы мамандарының айтуынша, бұл көрсеткіш әлі де арта түседі. Курс LMS платформасында онлайн әрі тегін. Барлық пәннің мұғалімдері курстан өте алады. «Өрлеу» ұлттық орталығының хабарлауынша, курсқа қатысушылардың белсенділігі жоғары әрі олардың 71 пайызы бағдарламаны толық меңгеріп шыққан. Сол себепті, еліміздің педагогтерді жасанды интеллект негіздеріне жаппай оқыту тәжірибесі ЮНЕСКО тарапынан жоғары бағаланып, халықаралық үлгі ретінде ұсынылыпты.

ЖИ-ді сауатты пайдалану керек

Бүгінгі Альфа ұрпақтың техникаға бейімділігі жоғары. Олар ақпаратты көз арқылы шапшаң қабылдайды. Алайда, жасқа да, көрігі де техниканы тиімді пайдалана білген жөн. Мәселен, Жасанды интеллект туындысы ChatGPT-ге АҚШ-та 13 жастағы оқушы «Сабақтың ортасында досымды қалай өлтірсем болады?» деп «әзіл» ретінде жазғаны үшін заң алдында жауапқа тартылғанын естіген боларсыз. Жасында ChatGPT қауіпті тақырыптағы жазбаларды тиісті органдарға хабарлайтынын жеткізген еді. Біздің елімізде де мұндай сорақылыққа жеткізбеу үшін балалардың ойынатын ойыны мен қолданатын бағдарламаларын білім беру мекемесінен тыс жерде де қадағалау маңызды.

Ал, білім беру саласында ЖИ-ді орынды қолдану керек. Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы осыған қатысты этикалық стандарттар мен академиялық ережелер дайындады. Академия тарапынан ЖИ-ді эти-



калық қолдану жөніндегі нұсқаулық та әзірленген. Бұл құжат «Мұғалім – оқушыға ЖИ-ді сауатты пайдалануды үйрететін жетекші тұлға» қағидатына негізделіп жасалған.

Бүгінде жасанды интеллект біртіндеп оқу пәндеріне енгізілуде. Бастауыш сыныптарда «Цифрлық сауаттылық» және 5-сыныптан бастап оқытылатын «Информатика» пәні бар. Осы екі пәнге жасанды интеллектке қатысты бағдарламалар қосылып, оқушылар негізгі түсініктерді меңгере бастайды. Ал жоғары сынып оқушылары жобалық жұмыстар, деректерді талдау және ЖИ негізіндегі модельдеуді үйренеді. Яғни, чат-бот құрастырып, деректерді визуализациялап, этикалық жағдайларды талдай алады. Осылайша оқу материалдары оқушылардың қас ерекшеліктеріне сәйкес дайындалуда.

Оқу-ағарту министрлігі бұл жобаның тиімділігін байқау үшін әрі түзетулер енгізіп отыру мақсатында қанатқақты жоба жүргізуді қолға алды. Онда Астана қаласының мектептері мен 217 «Келешек мектебі» қамтылған.

– Жалпы, 380 мыңнан астам оқушы және 22 мыңнан астам мұғалім қатысады. Бірінші жартыжылдықта, қантар айына дейін белгіленген мектептерде жасанды интеллекттің енгізу басталып ке-

теді. Кейін қосымша эксперименттің аралық нәтижелерін ескере отырып, қантар-ақпан айларында қамтылатын оқушылар мен мектептердің санын біртіндеп арттыруды жоспарлап отырымыз, – дейді Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмаршев.

Министрлік өкілінің мәлімдеуінше, мемлекеттік білім стандартына сай оқу барысына кез келген жаңа құралды енгізу оңай емес, ол үшін жан-жақты тексеру қажет. Сондықтан, сабақ үстінде пайдаланатын ЖИ әлі де пысықтауды қажет етеді, қазір ол сынақ кезеңінен өтуде. ЖИ арқылы ақпаратты балаға ыңғайлы әдіспен жеткізуге болады. Бұл білім сапасын арттыруға ықпал етпек.

Мемлекет басшысының білім беру жүйесіне жаңа технологиялық шешімдер мен жасанды интеллектті енгізу туралы тапсырмасына сәйкес, «Келешек мектептері» саналатын білім ошақтарында «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндерінің мазмұнына жасанды интеллект негіздеріне арналған тақырыптар енді. Мәселен, «Келешек мектептері» жобасының негізінде салынған Қарағандыдағы №19 жалпы білім беретін мектебінің оқу бағдарламасына AI тақырыптары енгізілуде. Мектеп басшысы

Гүлдана Ибрайкеңқызының айтуынша, білім ошағы 2024-2025 оқу жылынан бастап, «Rocket AI» бағдарламасымен жұмыс істеп жатыр.

– Бұл бағдарлама мектеп үшін өте қолайлы. Оқушыларға ғана емес, ұстаздарға, тіпті, әкімшілікке қолдануға ыңғайлы. Мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге көп көмегі бар. «Келешек мектептерінде» барлық жағдай жасалғандықтан, бұл бағдарламаны әрбір сабаққа, әрбір пәнге қолдана аламыз, – деді директор.

Барлық пәнге қолдануға болатын мұндай жасанды интеллект бағдарламалары мұғалімдерге тақырыптық жоспар жасауға көмектеседі. Сонымен қоса, әкімшілік жұмыстарға да пайдасы тиетін көрінеді. Мәселен, ЖИ бағдарламасы ата-аналардың өтініштеріне жауап жазады.

Осы тұста айта кетерлігі, мектеп бағдарламасына жасанды интеллект жеке оқу пәні ретінде емес, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер мен қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер мазмұнына кіріктірілуде.

№2 Білім-инновация лицейінің информатика пәнінің мұғалімі Жаксылық Жандосов көзге көрінетін ақпаратты тез қабылдайтын ұрпаққа ЖИ-мен жұмыс істеу қиындық туғызбайтынын айтты.

– Қазір оқушылар ChatGPT мен Gemini бағдарламаларын өте белсенді пайдаланады. Оқушының зерттеу жүргізуі, іздеген ақпаратты тезірек қол жеткізуі үшін ЖИ көмегі зор. Алайда, әр нәрсенің өз әдеби болу керек. Әрине, кейбір оқушылардың үй тапсырмасын мұндай бағдарламалардың көмегімен орындайтыны жасырын емес. Мұның тиімсіз тұсы да бар. Мұғалімдерге бұл – нағыз көмекші құрал. Біз информатика сабағында жасанды интеллект бағдарламаларын пайдаланамыз. Canva-мен презентация жасаймыз. Сабақ барысында Google Teachers Microsoft-тың жасанды интеллект бағдарламалары камера арқылы сұрыптауды көрсете алады, мұндай тақырыптар оқушыларға қызықты, – деді Жаксылық Жандосов.

Оның айтуынша, мектеп бағдарламасына түбегейлі өзгеріс ене қойған жок. Кітап атауы да сол қалпы. Жақында министрлік өкілдері жаңа оқу жылынан бастап, «Информатика» пәнінің атауы «Информатика және жасанды интеллект» деп аталатыны айтылған еді. Пән мазмұнына айтарлықтай өзгеріс ене қоймапты.

Десек те, оқушылардың технологияға тәуелді болуы білім сапасына кері әсер етуі мүмкін. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының директоры Нәзіпа Аюбаеваның айтуынша, мектеп бағдарламасына тек ЖИ-ді пайдалану емес, сыни ойлау мен цифрлық сауаттылық модульдерін енгізу аса қажет. Сөзінше, балаларға «қалай қолдануды» ғана емес, «неге толық сенуге болмай-тынын» да түсіндіру маңызды. Бұл – біз жоғарыда айтқан үй тапсырмасы мәселесіне қатысты дүние.

«Qazaq Digital Mektebi» қандай жоба?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында: «Қашықтан оқыту тәсілі және жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеуіміз қажет. Мұндай платформа ауылдағы оқушыларды сапалы оқу тәсілдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деді.

Осы орайда Оқу-ағарту министрлігі ЖИ мен цифрлық шешім-

дер көмегімен шалғайдағы ауыл оқушыларына сапалы білім беруді көздейтін «Qazaq Digital Mektebi» жобасын әзірлеп жатыр. Бұл жоба білім беру инфрақұрылымын, кадрлық әлеуетті және оқыту әдістемелерін жаңғыртуға бағытталған. Министрліктің дерегіне, бұл бағытта Ақтөбе облысында іске асырылған пилоттық жоба негізге алынған.

«Qazaq Digital Mektebi» жобасының ең басты артықшылығы – ауыл мен қала арасындағы білім теңдігін қамтамасыз етеді. Ауыл мектептеріндегі оқушыларға да заманауи құралдарды пайдалануына мүмкіндік туады. Оқушылар ЖИ-ді бастауыш сыныптардан-ақ үйірене бастайды.

«Qazaq Digital Mektebi» жаңа жоба болғандықтан, мектептерге әлі енгізіле қойған жок. Облыстық білім басқармасына сұрау салған кезімізде, осындай жауап алдық. Басқарма басшысы Дулат Жекебаевтың айтуынша, аталған бастама шағын жинақты мектеп жобаларының жасанды интеллектке негізделген заңды жалғасы болмақ.

– Бұл жоба негізінен жасанды интеллект көмегімен ауыл мектептерінің білім сапасын одан әрі дамытуды көздейді. Шалғай ауылдардағы тірек мектептерге арналған жобалар біздің өңірде бұрыннан бар. Мәселен, Назарбаев зияткерлік мектептері ауылдағы білім ошақтарына әдістемелік көмек көрсетіп келеді. Шағын жинақты ауыл мектептері заманауи жабдықталуда. Өңірдегі 34 тірек мектебі мен 130 шағын жинақты мектеп «Ауыл мектебі – сапа алаңы» атты республикалық жобаға қосылды. Өңірімізде ЖИ-ге негізделген жаңа «Qazaq Digital Mektebi» жобасын министрлік бекіткен соң жұмысты одан әрі жалғастыратын боламыз, – деді Дулат Шайкеноұлы.

Жасанды интеллект – жаһан дамуының мүмкіндігі. Бұл білім беру саласына да сыналғы еніп келеді. Уақыт өте келе, ЖИ білім саласының, әсіресе, оқушылар мен ұстаздардың интеллектуалдық әлеуетін күшейтетін құралға айналмақ.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Қарызсыз қоғам» күрдымнан құтқарады

(Соңы. Басы 1-бетте).

Оны бес жылға бөліп тастаңыз, айлығыңыздың бәрі несиеге кетіп қалады. Ал, сот ондайға жол бермейді. Қосымша табыс көзін сұратады. Бұның бәрін сот бүге-шігесіне дейін зерттейді. Бұндай жағдайлар Балқаш қаласында көп тіркелген. Себебі, ондағылардың бәрі зауытта жұмыс істейді. Ақшасы. Ал, айлығы көптерге банктің несиеге беретін сомасы да соғұрлым үлкен. Салдарынан тұрғындар несиеге белшеден батып жатыр. Мәселен, балқаштық тұрғынның мойнында 13 млн теңге берешегі болған. Төлейтін несиенің айлық төлемі еңбекақысынан екі есе көп. Азамат бізге жүгініп, осы жоба аясында төлемін жаңадан қайта құрып алды.

Айлық табысынан айлық несие мөлшері көп кез келген адам бізге жүгіне алады. Біз процесті жүргізу үшін екіжақты сенімхат жасаймыз. Содан кейін барып, жұмысты өз қолымызға аламыз. Біз бұл жұмыстарды сотқа дейін шешеміз. Барлық құжатты жинап, тапсырғанша біз көмектесеміз. Сөйтіп, соттың қорытындысын күтеміз. Сот борышкердің жағдайын жан-жақты саралап, әділ шешім шығарады, – деді «Қарызсыз қоғам» ұлттық жобасының менторы Әсел Атабаева.

Бұл жоба өңірде тек сәуір айында ғана іске қосылған. Бұған дейін көпшілік үшін беймәлім-тін. Бүгінде тұрғындар енді-енді хабардар бола бастады. Көктемнен бері облыс бойынша 300-ге жуық адам өтініш берген. Алайда, қазіргі таңда тек бір ғана балқаштық азаматтың ісі нақты шешімін тапты. Қалған өтініштер бойынша сот процестері әлі де жүріп жатыр.

Айта кету керек, егер несиенен қатар басыңызда ипотека болса, ол да қаралады. Бірақ бұл жерде ипотеканың түрі мен қандай бағдарлама арқылы рәсімделгені маңызды рөл атқарады екен. Сот отырысында «Сотқа дейін қандай әрекет жасадыңыз?», «Банкпен мәселені шешуге тырыстыңыз ба?» деген секілді түрлі сауалдар қойылады.



– Бұған дейін банктің өзінің проблемалық несиелермен айналысатын бөлімі болған. Бүгінде банк ондаймен жұмыс істемейді. Керісінше, коллекторлық компанияларға заң жүзінде сатады. Қазіргі таңда сондай компанияларға заңмен тыйым салынды. Енді олар заң күшіне енген күннен бастап, банктерден проблемалық несиелерді сатып алмайды. Қазір ол компаниялар бұрынғы алған ақпараттар бойынша жұмыс істеп жатыр, – дейді Әсел Атабаева.

Мысалы, сізге банкроттық рәсімі заңды түрде жүргізіліп, қарыздарыңыз есептен шығарылды делік. Алайда, соған қарамастан, коллекторлық агенттіктер қысым көрсетуін біраз уақытқа дейін жалғастыруы мүмкін. Бірақ, бұл жиі кездесетін жағдай көрінеді. Азды-көпті уақыт өткен соң өздері қоңырау шалуды қояды екен.

Төлем кестесін қайта құру мүмкіндігі

Қазіргі таңда көбісі банкроттыққа тапсыру мен несиеге төлем кестесін қайта құрудың аражігін ажырата алмай жүргені рас.

Төлем кестесін қайта құру – жаңадан несие алғанмен пара-пар.

Егер банктің сізге қойып берген жаңа кестесі көңіліңізден шықпаса, істі сотқа жібере аласыз. Яғни, төлемді қайта бастау арқылы несиелеріңізді қайта реттей аласыз.

Мәселен, жыл басынан бастап, 1 қазанға дейінгі аралықта төлем кестесін қайта қарау мәселесі бойынша 6 мыңнан астам адамнан өтініш түскен. Бірақ, нақты қаншасы мақұлданғаны туралы



Егер сіз бұған дейін банкке бірнеше рет ресми өтініш жасап, нақты жасап алып немесе алмаспаңыз – сіз үшін артықшылық. Себебі, «Мұндай айғақтар соттың шешім шығару процесін жеңілдетіп, істі жылдам аяқтауға сенімділігін тигізеді» дейді мамандар.

Коллекторлар мазанды алып жүр ме?

Банк немесе микроқаржылық ұйым қарыз алушысы өз міндеттемесін уақытылы өтемейтінін анықтаған соң мәселені басқаша шешеді. Яғни, сіздің мәселеніңізді шешу үшін ісіңізді коллекторлық компанияларға сатып жібереді. Олар сіздің мазандығы алып, ұялы телефоныңызға дамыл бермейді. Одан қала берді жақын-жуығыңызға да хабарласып, берекетіңізді қашырады. Ал, бұл – олардың жұмысы.

Бірақ, кесте құрылған күні сіздің несие тарихыңызда кешіктірілген күндер автоматты түрде жоғалады. Бірақ, алған несиеніңізге банктің қосып берген пайыздары шегерілмейді. Керісінше, қосылады. Яғни, сіз бір банктен 2 млн теңгені 17-23%-бен алдыңыз делік. Бірақ, оны төлей алмай, төлем мерзімін өткізіп алдыңыз. Бірақ, төлем кестесін қайта құру кезінде банк әу баста алған 2 млн теңгеніңіз проценттерімен есептеп береді. Одан қала берді кешіктірілген мерзім күндеріне дейін қосып, жаңа кесте жасайды. Әу баста банк қосымшасында тұрған 2 млн теңгеніз пайызына қарай 3-4 млн теңгені көрсетіп тұрады. Бірақ, бұған дейін сіз төлеген сома шегеріледі. Айта кетейік, төрт банктегі несиені бір банкке жинақтап, бір жерден төлеу деген жок. Әр банк графикалық тек өз тарапынан ғана береді.

– Несие рәсімдеп жатқанда банк қызметкерлері келісімшарт ұсынады. Біз соны мүлдем оқымаймыз. Сөйтіп, банктің талабын да, заңды да білмей жүреміз.

Қазіргі таңда әлеуметтік жәсіп де «Төлем кестесін қайта қарау береміз», «Банкроттыққа шығарып береміз» деген жарнамалар қаптап кетті. Мұндай қызмет ұсынушылардың біркатары – бізден үйренгендер. Ал, енді бірі заңды жаттап алып, соны кәсіпке айналдырғандар. Олар білген-түйгенін ақылы түрде саудалап жүр. Ал, біз бұл жұмысты ақысыз, яғни, тегін атқарып келеміз. Өкінішке қарай, көп адам құжат жинауға, істі соңына дейін жүгіріп, уақыт арнауға ниет білдірмейді. Сол себепті ақылы қызмет көрсетушілерге жүгініп, істі соларға тапсыра салады. Бүгінде көбінің тандауы – осы, – деді Әсел Асанқызы.

мәлімет жоқ. Өйткені, өтініш иелерінің басым бөлігі қажетті құжаттар тізімін алған соң кері байланысқа шықпайтын көрінеді...

Офлайн оқу ойға қонбады

«Қарызсыз қоғам» жобасының басталғанына да биыл үшінші жыл. Жоба алғашқы кезеңінде үйренемін деген ниетті жандардың басын қосып, офлайн форматта дәріс өткізуден басталған. Ол кезде қатысуға өтінім берген азаматтардың қарызы бар-жоғы қаралмаған. Сол жылы офлайн

жайттарды ескере отырып, жоба форматына бірқатар өзгерістер енгізілген. Енді «Қарызсыз қоғам» жобасына тек банктер мен қаржы ұйымдарына 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар азаматтар ғана қатысады.

Бұл рәсімді жүзеге асыру кезінде банк пен қарыз алушы арасындағы бұрынғы келісімшарт заңды күшін жояды. Оның орнына жаңа келісімшарт жасалып, қарыздың тек қалған негізгі сомасына ғана пайыз есептеледі. Жаңа төлем кестесі борышкердің жағдайына қарай қайта қаралып, төлем мерзімін бес жылға дейін ұзартып беретін болады. Мұндай жағдайлар, әсіресе, Шахтинск қаласында жиі кездеседі екен. Онда бірнеше азамат осындай тәртіппен несиесін қайта рәсімдеп, жеңілдікке қол жеткізген.

– Бізге жекеменшік балабақшаның директоры көмек сұрап келді. «Қол астындағы тәрбиешімнің бірнеше миллион несиесі бар. Шоттары бұғатталған. Еңбекақысын аударсам, ұстап қалады. Өткен жолы маған айлығын қолма-қол беруді өтінген. Ал, мен олай істей алмайтыным»

айлығының 50%-ын автоматты түрде ұстап қалады. Қалған ақша екеуінің өмір сүруіне жетпейді. Сөйтіп, біз қажетті құжаттарды жинап, банкке өтініш қалдырдық. Қазіргі уақытта төлем кестесі қайта құрылды. Ай сайын төлейтін 130 мың теңгенің орнына небәрі 45 мың төлеп отыр, – деді Әсел Асанқызы.

«Қайта бастау» – қанатқақты жоба

Қарағанды өңірінде биыл жыл басынан бері облыс әкімдігі мен «AMANAT» партиясы өзара меморандумға қол қойған. Осы меморандумға аясында «Қайта бастау» пилоттық жобасы іске қосылды. Бүгінде бұл бастамаға облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков тікелей жетекшілік етіп отыр.

– Біз арқылы банкроттық рәсімінен өтіп, оң шешім алған талай азамат бар. Қазіргі таңда олардың біркатары жұмыссыз. Сондықтан, біз бұл адамдарды назарда ұстаймыз. Яғни, «Қарызсыз қоғам» жобасы арқылы банкроттық рәсімі жүргізілген азаматтарды автоматты түрде облыс әкімдігіне жолдаймыз. Ал, әкімдік тарапынан олар арнайы оқуға жіберіліп, әрі қарай жұмысқа орналасу мүмкіндігі қарастырылады. Біз оларға мойнындағы қарызынан құтылуға көмектестік. Егер олар сол күйі жұмыссыз жүре берсе, ертең тағы да қарызға батуы әбден мүмкін. Сондықтан, олар несиесіз өмірді бастау үшін екі тарап осындай келісімге келген едік, – дейді Әсел Асанқызы.

Бұл жоба жыл басында пилоттық режимде Бұқар жырау мен Осакаров ауданында іске қосылған. Маусым айынан бастап, өңірдің барлық қала, аудан және ауылында іске асырыла бастады. Бүгінде жыл басынан бері 900-ге жуық адам қарыздан құтылып, түрлі салада жұмыспен қамтылыпты. Осы бағытта ең белсенді нәтиже көрсетіп отырған аудан – Осакаров. Аудан азаматтары жаңа жұмыс орнына орналасып, жаңа өмір бастауда.

Түйін

Қаржылық сауаттылықты арттыру – тек қарыздан құтылудың ғана емес, тұрақты әрі жауапты өмір сүрудің алғышарты. Осы мақсатта qogamfn.kz сайтында арнайы әзірленген 24 бейнесабақ жүктелген. Оның 14-і заңдық сауатты арттыруға бағытталған. Бұл бейнематериалдарда барлық ақпарат қарапайым тілмен, бүге-шігесіне дейін түсіндірілген. Алайда, көпшілік бұл мүмкіндікті пайдалануға құлықсыз. Қызығушылық танытып, ден қойып



оқуға екі мыңға жуық адам қатысыпты. Өкінішке қарай, олардың көпшілігі жобадан нақты нәтиже көрсетпеген деседі. Себебі, қатысушылардың басым бөлігінде бұл бағытқа деген шынайы қызығушылық болмаған. Осы

майды. Сөйтіп, күйеуі жарамсыз болып қалған көлік үшін несие төлегісі келмейді. Арада жанжал туып, екеуі ажырасып кетеді. Әйел бір баласымен жалғыз қалады. Баланың әкесі алимент төлеуден бас тартқан. Ісі сотқа кетсе,

үйренудің орнына қаржылық теліктерге қайта-қайта ұрынып жатады. Шын мәнінде, қажет білім – қолжетімді. Тек ниет пен жауапкершілік қажет.

Суреттер жоба жетекшілерінен

Алаяқтың айласы көп

Қазіргі таңда тек технология түлеп қана қоймай, сонымен қатар, тұтаc өмір салты өзгерді. Әйткенмен, ғаламтор кеңістігіне еніп, қолымыздағы ұялы телефон қаржы мен ақпарат алмасудың кілтiне айналған сайын, қауіптің де жаңа түрі пайда бола бастады. Ол – көзге көрінбейтін онлайн алаяқтық.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы жылдар мұғдарында елімізде интернет арқылы жасалатын қаржылық қылмыстар күрт көбейді. Бір сәттік бейкамдық кей азаматты миллиондарынан, кей-бірін бар жиганынан айырды.

Мемлекет үшін қауіпсіздік ұғымы тек шекара мен қорғаныс шебімен шектелмейді. Қазіргі заманда қауіптің бір ұшы ғаламтордың өзінен өріп шықты.

Соңғы жылдары онлайн алаяқтықтың түрлері мен тәсілдері күрделене түсті. Бірі өздерін банк немесе полиция қызметкері ретінде таныстырып, тұрғынның сеніміне кірсе, енді бірі жалған инвестициялық платформалар арқылы жеке тұлғаның қаржысын иемденеді. Алаяқтық әрекет көбіне қашықтан, байланыс желісі мен әлеуметтік желілер арқылы жасалады.

Осыған байланысты Үкімет тапсырмасымен елімізде Anti-Fraud орталығы құрылды. Бұл – банктер, құқық қорғау органдары және байланыс операторларының бірінгей ақпараттық алаңы. Жүйе қаржылық операцияларды талдап, күдікті транзакцияларды автоматты түрде анықтайды. Жалпақ тілмен айтқанда, ол онлайн кеңістіктегі «ақылды күзетші».

Anti-Fraud орталығының жұмыс істеу принципі – нақты уақыт режимінде банктер арасындағы күмәнді аударымдарды тоқтатып, қаражатты бұғаттау. Яғни, алаяқтың әрекеті әлі толық аяқталмай тұрып-ақ, жүйе оны байқап қояды.

Мемлекет басшысы Жолдауында атап өткендей, бұл орта-

лықтың қызметі қаржы институттарының жауапкершілігімен қатар жүруі тиіс. Сондықтан, банктер мен микроқаржы ұйымдары клиенттердің жеке деректерін қорғауға және бейтаныс операцияларды бақылауға міндеттеледі.

Қазірдің өзінде Anti-Fraud жүйесі арқылы елімізде миллиондаған теңге көлеміндегі қаражат азаматтарға кері қайтарылып, жүздеген алаяқтық әрекеттердің жолы кесілген.

Цифрлық кеңістік – шексіз мүмкіндік пен шектеусіз қатердің тоғысқан тұсы. Соңғы жылдары аймағымызда да интернет арқылы жасалатын алаяқтық оқиғалар жиілей түскен. Облыстық полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы іс-қимыл бөлімінің мәліметінше, жыл басынан бері аймақ көлемінде 2 мыңнан астам тұрғын онлайн-алаяқтардың құрбанына айналып, жалпы шығын көлемі 2,8 миллиард теңгеден асқан.

Қылмыстардың басым бөлігі – банктік және инвестициялық алаяқтық. Яғни, өздерін «банк қызметкері», «полиция өкілі» немесе «мемлекеттік органның қызметкері» ретінде таныстыратын күдіктілер бейнебайланыс арқылы хабарласып, тұрғынды қауіпсіздік мақсатында өз атына несие рәсімдеп, оны «қауіпсіз шотқа» аударуға үгіттейді.

Бір қарағанда қисынсыз көрінетін мұндай әрекеттерге сеніп қалатындар аз емес. Ал, облыс полицейлері соңғы айларда 7 SIM-бокс құрылғысын анықтап, олар арқылы жалған нөмірлерден қоңырау шалуға мүмкіндік жасаған 5 күдіктіні ұстаған.

Сонымен қатар, Ұлттық



банктің Anti-Fraud орталығы арқылы облыс аумағында зардап шеккен азаматтарға 23 миллион теңге қайтарылып, тағы 30 миллион теңгеден астам сома бұғатталған.

– Қарағанды өңірі еліміздегі ең ірі өндіріс пен технологиялық әлеуетке ие аймақ болғандықтан, мұндағы ақпараттық инфрақұрылым да көлемді. Демек, қауіптің ауқымы да кең. Сол себепті өңірде киберқауіпсіздік пен цифрлық қорғанды күшейту бағытында кешенді шаралар жүзеге асып келеді. Біз тек алаяқтарды ұстаумен шектелмейміз. Басты мақсат – қылмыстың алдын алу. Қазір әрбір күдікті аударым немесе күмәнді хабарлама Anti-Fraud орталығының фильтринен өтеді. Бұл жүйе – қарағандылық тұрғындардың қаржылық қауіпсіздігін қорғаудағы ең тиімді құралдардың бірі, – дейді облыстық полиция департаментінің киберқылмысқа

қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер бойынша аға жедел уәкілі Дінмұхамед Ғалиұлы.

Қауіптің алдын алу – күрестің ең ұтымды жолы. Сол мақсатта облыста онлайн-алаяқтықтың алдын алу мақсатында кешенді ақпараттық және ағартушылық науқан жүйелі. Полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы, Ішкі істер департаментінің баспасөз қызметі мен жергілікті атқарушы органдар бірлесіп, тұрғындар арасында цифрлық сауаттылықты арттыру бағытында түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырып келеді.

Қоғамдық орындарда, базар мен сауда орталықтарында, оқу орындары мен кәсіпорындарда, әсіресе, халық көп жиналатын жерлерде түсіндіру жұмыстары жүріп жатыр. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде ақпараттық паракшалар таратылып, волонтер-

лердің қатысуымен профилактикалық акциялар өтуде.

Аға жедел уәкіл Дінмұхамед Ғалиұлының айтуынша, әрбір түсіндіру науқанының нәтижесі нақты статистикамен көрініс табауда.

– Соңғы айларда тұрғындар тарапынан күдікті хабарламаларға байланысты жедел желіге түсетін хабарламалар саны артты. Бұл арқылы халықтың ақпаратқа бейілдігі мен сақтығының артқанын көре аламыз. Біз үшін басты нәтиже – қылмыстың азаюы ғана емес, азаматтардың саналы түрде сақтығының қалыптасуы, – дейді ол.

Мәселен, биылғы тоғыз айда облыс аумағында интернет алаяқтық фактілерінің бір бөлігі алдын ала ескертіліп, бұғатталған. Anti-Fraud орталығының техникалық жүйесі күмәнді операцияларды автоматты түрде анықтап, банктермен бірлесе отырып,



қаржыны қаттап тастаған. Соның арқасында жәбірленушілерге 23 миллион теңге қайтарылып, 30 миллион теңге бұғатталған.

Қазір түсіндіру жұмыстарының ауқымы кеңейді. Әсіресе, жастар мен зейнеткерлер арасында онлайн-алаяқтықтың белгілерін тануға бағытталған бейнероликтер мен әлеуметтік баннерлер жиі көрсетілуде. Оқу орындарында «Цифрлық қорған» атты дәрістер өтіп, жұмыс берушілер мен банктер өз қызметкерлерінің киберқауіпсіздік дағдыларын жетілдіріп жатыр.

Сондай-ақ, ҚР Қылмыстық кодексіне енгізілген 232-1-бап бойынша – өз банк картасын үшінші тұлғаға пайдалануға бергендерге («дроперлерге») түсіндіру жұмысы күшейтілді.

Аймақта қол алынған кешенді жобалар мен Anti-Fraud жүйесінің іске қосылуы – осы бағыттағы нақты нәтиженің айғағы. Бүгінде бұл жүйе банк операциялары мен интернет төлемдерін автоматты түрде бақылап, күмәнді әрекеттерді бірден тоқтатып отыр. Ал, полиция мен банктердің, байланыс операторлары мен жергілікті атқарушы органдардың бірлескен жұмысы өңір тұрғындарының сенімін арттыра түсуде.

Қауіп көзге көрінбейді. Бірақ, оның салдары ауқымды. Сол себепті, өз дерегіңізді, өз уақытыңызды, өз қаржыңызды қорғау жолында – тек жеке мүдде емес, азаматтық жауапкершілікті таңытқан абзал!

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӘЛЕУМЕТ

Мұқтажға медет болғандар

Әлеуметтің аманатын аркалап жүрген жайсаң жандар – әлеуметтік қызметкерлер. Олар – өмірдің өзегін адаммен өлшеп, тағдырдың тәлкегін жүрегімен сезінген мейірім иелері. Әлсізге сүйеніш, мұқтажға медет болып жүрген мамандардың еңбегі орасан.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғамның өркеніеттілігін оның экономикасынан емес, ең әуелі әлеуметтік әділет пен адамға деген қамқорлықтан аңғарамыз. Күнделікті өмірдің тасасында, бірақ, мыңдаған тағдырдың тірегіне айналған мамандық иелері – әлеуметтік сала қызметкерлері.

Бүгінде облыс көлемінде 55 мыңнан астам мүмкіндігін шектеулі азамат тіркелген. Олардың басым бөлігі арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылған. Инватакси, жеке көмекші және ымдау тілі мамандарының қызметтері облыстың барлық қалалары мен аудандарында тұрақты түрде көрсетіліп келеді.

– Әлеуметтік саясаттың басты өлшемі – нақты нәтиже. Біз үшін басты мақсат – азаматтың өмір сапасын жақсарту. Облыс орталығы мен аудандарда оңалту техникалары мен құралдарына тапсырыс беру толығымен электрондық форматқа көшірілді. Бұл – тұрғындардың уақыты мен қаржысын үнемдеп қана қоймай, көрсетілетін қызметтің са-

пасын арттырған жаңашыл қадам. Сол себепті соңғы жылдары ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оңалтудың қолжетімділігін арттыруға айрықша көңіл бөлініп отыр, – дейді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының әлеуметтік мекемелер қызметін үйлестіру бөлімінің басшысы Айдын Төлеуов.

Мүмкіндігін шектеулі жандардың қозғалыс еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында биыл облыста жоғары қабаттарға арбамен көтерілуге арналған жаңа әлеуметтік жоба іске қосылды. Бұл бастама Қарағандыдан бастау алып, Теміртау мен Балқаш қалаларында да жалғасын тапты. Сондай-ақ, инватакси қызметі бүгінде барлық 13 өңірде тұрақты түрде жұмыс істейді.

Облыстың әр ауданында «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары есігін айқара ашып, зейнеткерлердің өмір сапасын арттыруда. Қазір өңірде мұндай 6 орталық жұмыс істейді, алдағы уақытта тағы 3 орталық ашу жоспарланған. Мұнда қариялар йоға, би, колонер, шахмат және тоғызқұмалақ сабақтарына қатыса алады.

Бүгінде облыста 7 мыңнан астам

адам арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылған. Бұл қызметтердің ауқымы жыл сайын кеңейіп келеді. Мәселен, соңғы үш жылда өңірде 8 әлеуметтік нысан күрделі жөндеуден өтіп, 2 жаңа оңалту орталығы іске қосылды.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне сүйенсек, облыстағы жұмыссыздық деңгейі 4 пайыз шамасында. Бұл – ел аумағындағы ең төмен көрсеткіштің бірі. Жыл басынан бері 35 мыңға жуық адам жұмыспен қамтудың бағыты бойынша арнайы бағдарламаларға қатысуда. Оның ішінде, 17 мыңға жуық тұрғын тұрақты жұмысқа орналасты.

Жыл сайын өңірде 50 мыңнан астам азамат әртүрлі әлеуметтік көмек түрлерін алады. Оның ішінде, атаулы әлеуметтік көмек (АӘК), облыстағы жұмыссыздық деңгейі 4 пайыз шамасында. Бұл – ел аумағындағы ең төмен көрсеткіштің бірі. Жыл басынан бері 35 мыңға жуық адам жұмыспен қамтудың бағыты бойынша арнайы бағдарламаларға қатысуда. Оның ішінде, 17 мыңға жуық тұрғын тұрақты жұмысқа орналасты.

Жыл сайын өңірде 50 мыңнан астам азамат әртүрлі әлеуметтік көмек түрлерін алады. Оның ішінде, атаулы әлеуметтік көмек (АӘК), облыстағы жұмыссыздық деңгейі 4 пайыз шамасында. Бұл – ел аумағындағы ең төмен көрсеткіштің бірі. Жыл басынан бері 35 мыңға жуық адам жұмыспен қамтудың бағыты бойынша арнайы бағдарламаларға қатысуда. Оның ішінде, 17 мыңға жуық тұрғын тұрақты жұмысқа орналасты.

тұтып, өңірде «Ten Qogam» инклюзия орталықтары мен «Отбасын қолдау орталықтары» табысты жұмыс істеуде. Бүгінде мұндай орталықтар Қарағанды, Теміртау, Сәтбаев және Балқаш қалаларында бар. Олар психологиялық, құқықтық, кәсіби кеңес беру қызметін ұсынып қана қоймай, қиын жағдайға тап болған азаматтарға өмірлік бағдар табуға көмектеседі.

Облыста әлеуметтік жобаларды іске асыруда үкіметтік емес ұйымдардың рөлі де артып келеді. Мәселен, «Қамқорлық», «Шырақ», «Үміт», «Рауан» сынды бірлестіктер инклюзия мәдениетін дамыту, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және ата-анасыз (жетім) балаларға қолдау көрсету бағытында тұрақты қызмет етіп келеді.

Жыл басынан бері облыстық бюджет есебінен 25-тен астам әлеуметтік жоба қаржыландырылып, 18 мыңнан астам тұрғын қамтылды. Аймақтың әлеуметтік саясатының тағы бір маңызды тетігі – жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті қолдау. «Жұмысқа орналастыру орталықтары» арқылы жыл басынан бері 9 мың адам тұрақты жұмыс тапса, 1,2 мың тұрғын қысқа мерзімді кәсіптік оқуға жерберілген. Олардың бірақтары оқу аяқтаған соң өз кәсібін ашып, «Еңбек» және «Ауыл аманаты» бағдарламалары бойынша жеңілдетілген несие мен грантка қол жеткізді.

Облыста бүгінде 800-ге жуық әлеуметтік қызметкер еңбек етеді. Олардың 70 пайыздан астамы – арнаулы жоғары немесе кәсіби білім алған білікті мамандар. Жұмыс бағыты да сан алуан. Үйде күтім көрсету, арнаулы орталықтарда қызмет ету, балалар мен қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсету. Әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбегін қолдау мақсатында бірақтар ынталандыру және оқыту бағдарламалары жүзеге асуда. Мәселен, биылдың өзінде 200-ден астам маман қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Сондай-ақ, үздік әлеуметтік жобалар авторлары арнайы «Жүректең – жүрекке» және «Ізгілік елшісі» облыстық байқауларында марапатталды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• САЛТАНАТ

Құрыш қаладағы қуаныш

Теміртау қаласының Мәдениет сарайында еліміздің бірден-бір ұлттық мерекесі Республика күні тойланды.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік Әнұранымыз орындалып, сахна төріне көк байрағымыз әкелінгеннен кейін мерекелік салтанатқа жиналған жұртты Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов құттықтады.

– Елдігіміздің тұмары, ерлігіміздің шынары болған ұлық мерекеміз – Республика күні құтты болсын! Бұл мереке туралы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке» деген болатын. Бұл халқымыздың ғасырлар бойы анасаған азаттығы мен тәуелсіздігіне қолын жеткізген ұлы күн, – деді Ғалым Әшімов.

Қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқаны және жаңа Қазақстанды құру жолындағы қажырлы еңбегі үшін теміртаулықтардың бір тобын Теміртау қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапаттады.

Сондай-ақ, қала әкімі Ғалым Әшімов әлеуметтік әріптестікті тиімді жүзеге асырып, еңбек ұжымының тұрақтылығы мен өңірдің

әлеуетін арттыруға қосқан үлесі үшін «Парыз» республикалық конкурсының облыстық кезеңі бойынша «Үздік ұжымдық шарт» аталымында «Qarmet» акционерлік қоғамын да марапаттады. Оны аталған кәсіпорынның басқарма бастығы Вадим Басин мен «Жақтау» кәсіподағының төрағасы Виктор Щетининге табыс етті.

Бұл мерекеге теміртаулық өнерпаздар үлкен концерттік бағдарлама әзірлеген екен. Зал толы көпшілік осы салтанаттың басынан аяғына дейін олардың өнеріне ризалықпен қол соғумен болды. Яғни «Гюзель», «Вдохновение» ансамбльдерінің бишілері мен «Жауыртау сазы» фольклорлық ансамблінің мүшелері, жеке орындаушылар Алмас Цэрэг, Елена Федорова, Денис Кудряшов, тағы басқалары айтқан әндер құлақ құрышын қандырып, мерекелік салтанат Ерлан Көкеев әуелете шырқаған «Туған жерім – Қазақстан» әнімен аяқталды.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

• МЕРЕЙ

Өресі биік тұлға

Соңғы кездескенімізден кейін де біршама уақыт өткен екен. Қайыржан Кәрімұлының бет-бейнесінде бірқатар өзгеріс барын аңғардым. Тіпті, сиреген шашы түгел ағарып, өмірдің жазы кетіп, күзі деңдеп енгенінің белгісіндей. Бірақ сол баяғы көңілмен шүйіркелесе әңгімелесіп отырмыз. Әңгіме негізінен ел жайы. Келмеске кетіп бара жатқан ауыл тұрмысы тілге тиек болғанда, Шет ауданының Жарылғап батыр ауылында өткерген балдай балалық шағын қимастықпен еске алды. Аядай ауылдың ұдай мектебінде сол кездегі ұстаздары өзі айтқандай «сабақты жүректерінен өткізіп жеткізеді» екен. Жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, шәкірт тарапынан Есімхан Әпенов, Нісжан Шахина, Зина Нұрбекова, Әділ Сүлейменов, Рая Асқарова, Сәбира Мақажанова, Орынтай Болпанова, Рысқұл Төлтаева іспетті ұстаздар еңбегіне берілген ең жоғары баға емес пе бұл! Есейе келе, Нұраталды орта мектебінде де Нәскен Тасырбаев, Орал Мұқаева, Жәмел Ахметұлы, Оспан Нәукенов, Венера Отыншина, Нәсіма Тауыпқыова, Мұқаметжан Сүлейменов сынды ұстаздардан дәріс алғандығын соншалық қанағаттанғандық сезіммен әңгімелейді.

Әкесі Кәрім Тілеубергенов туралы да мейірлене, сағынышпен сөз етеді. Өмірден тым ерте кеткен әкесіне арнап жазған «Сандық» атты кітабында да, ғұмырбаяндық «Өмір тағылымдары» атты кітабында да әкеге деген сезім есіліп-төгіліп-ақ тұр. Ол кісі партия-кеңес органдарында ұзақ жылдар қызмет жасаған, өмірінің соңында, 1968-1979 жылдары «Нұраталды» кеңшарының партком хатшысы, Шет аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болған. Партия органдарындағы жемісті еңбегі, ауыл шаруашылығы кадрлары дайындауда үздік мектеп қалыптастырып, кеңшар экономикасын дамытудағы жеткен табыстары үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанқиярлық еңбегі үшін», т.б. мемлекеттік медальдарымен марапатталған. Аудандағы осындай үздік партия ұйымында тәрбиеленген ауыл шаруашылығы кадрлары сол кездегі Жезқазған облысындағы көптеген кеңшарлардың директорлары ретінде, көптеген азаматтар партком хатшылары, облыстық салалық басқармалардың, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары болып жемісті еңбек етіп, кеңестік экономиканың өрге сүйреп, нұраталдылық өндіріс мектебінің жетістіктерін бүкіл республикаға паш етті.

Осындай әкеге еліктеген, оның жолын қууды мақсат тұтқан Қайыржан да ізденгіш, білімге, ғылымға деген сүйіспеншілігі жастайынан белгілі болған, Нұраталды орта мектебін 1972 жылы тәмамдаған және бірден еңбекке араласып, сол жылы шығымы мол болған астық жинаушылар қатарынан табылып, комбайншының көмекшісі ретінде «Нұраталды» совхозының «миллионер шаруашылық» атануына септігін тигізіп, науқан аяқталған соң кеңшардағы машина-трактор шеберханасында токарь болып жұмыс жасады.

1974 жылы армия қатарына шақырылып, міндетін өтеп келген жас 1976 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетінің студенті атанады.

Аталмыш оқу орнын аяқтаған

жас маманды Қарағанды облысының Ақадыр ауданындағы Мәншүк Мәметова атындағы орта мектепке тарих және қоғамтану пәндерінің мұғалімі ретінде жолдамамен жібереді. Осы мектепте қызмет етіп жүрген кезінде Шет аудандық комсомол комитеті жұмысқа шақырады да, бүкіл саналы өмірі бойына созылған партиялық, әкімшілік аясындағы қызметі басталып кетеді. 1988 жылы аудандағы үлкен шаруашылықтың бірі «Просторный» асыл тұқымды мал шаруашылығына партком хатшысы болып сайланады. Бұл қызметінде партия тартылғанға дейін істеп, 1991 жылдың қыркүйегінен 1992 жылдың наурызына дейін сол шаруашылықта екінші мамандығы бойынша бөлімше зоотехнигі болып қызмет жасады. Ұдайы ізденісте жүретін Қайыржан Кәрімұлы бұл мамандықтарға қосымша Қарағанды мемлекеттік университетінің экономика факультетін де тәмамдаған.

1991 жылдан зейнеткерлікке дейін жаңадан құрылған Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі аясында еңбек етті. Шет аудандық әкімдігінде әр жылдары бөлім басшысы, аудан әкімінің орынбасары болып жемісті еңбек еткен Қайыржан Кәрімұлы тұрғындардың әлеуметтік жағдайын көтеруде сергектік танытып, 1996-1998 жылдардағы экономикалық қиындықтар кезіндегі зейнетақы, балалар жәрдемақысын төлеудегі қиыншылықтарды шешуде халықпен араласа отырып, қолында бар мүмкіндіктерді сарқа пайдаланды.

2008 жылдың шілдесінде облыс әкімінің шешімімен Шет ауданына әкім болып тағайындалды. Ауданның жағдайын жақсы білетін Қайыржан Кәрімұлы өңірдің экономикасын нығайтуға, жергілікті кадрларды дайындауға, ауылдарды, елдімекендерді көркейтуге күш салды. Аудан орталығы болғанына ғасырға таянса да, сол баяғы қазақи ауылдық кейпінен шыға қоймаған Ақсу-Аюлыда бұрын болмаған стадионды пайдалануға беріп, аудан спортшылары бірнеше мәрте облыстық спартакиада өткізу мүмкіндігіне ие болды. Орталық көшелердегі тау болып үйілген талай заманғы қоқысты тазалатып, ауданмен жасты ескі тамдардың



орнына қазіргі заманғы үйлер салынды. Тозығы жеткен екі қабатты үйлердің шатырларын жаңалады, көптеген үйлерге су тартылып, тұрмысқа қолайлы жағдай туғызылды. Бұл аудан орталығының әрі қарай көріктендірілуіне бастама болды. Аудан ұланғайыр территорияны алып жатыр, сонда орналасқан 25 ауылдық округтың әрбір елдімекеніне назар аударылды. Шөлейт далада орналасқан Мойынтыда станция ғимаратынан басқа бас қосатын жер болмайтын, бұрынғы поселкелік кеңестің иесіз қалған ғимаратын кенттік Мәдениет үйі етіп, кішкене жерді паналаған аурухананы да жаңа ғимаратқа кіргізді. Киікті елдімекенінде көп жылдар пайдаланудан қалған клуб үйін бір жазда жөндегіп, қазір халық игілігін көруде. Ақадырда аудан ауысарда талдан-таражаға түскен кинотеатрды, мектеп ғимараттарын, балабақшаны толық жөндеуден өткізді, кенттің шағын ауданындағы терезелері үнірейіп тұрғанына ондаған жылдар болған көпқабатты үйлерін іске қосты, көшелерінде бұрын болмаған абаттандыру шаралары жүзеге асырылып, темір жол стансасының алдындағы саябақ адам көрсесуісінетіндей жағдайға жеткізілді. Кентке кіре берісте саябақ орын тепті. Осының бәрі ауданның мүмкіндіктері арқылы жүзеге асырылды. Ақадыр, Ақшатау, Босаға, Ақшопы, Нұраталды, Красная поляна, Өспен, Жарық, Бұрма, Көк-тіңкөлі, Айса, т.б. елдімекендердің су құбырлары тартылып пайдалануға берілді. Жарық кентіндегі темір жолдың арғы жағындағы екі жарым шақырым жол асфальтталып, пайдалануға берілді, сөйтіп сол жылы аудандық бюджеттің қаржысына жаңадан салынған балабақшаға қиналмай жету мүмкіндігі туғызылды. Ал, 17 жыл бойы электр жарығының не екенін ұмытып та қалған, тоңазытқышты шкаф ретінде пайдалануға көшкен «Деріпсал» елдімекеніне электр желісін бір жазда тартып беріп, екі күннің бірінде телевизорлары істемей қалатын аудан орталығын-

дағы Аюлы тауының төбесіндегі телевизия ретрансляторына қиындыққа қарамастан тұрақты электр жүйесін жеткізіп, тұрғындардың алғысын алды. Қарабұлақ ауылының «Аяқши», «Орташи», «Басши» қыстақтарындағы бір топ фермерлерге электр қуатын жеткізіп берудегі ақыры табыспен аяқталған бірнеше жылдық ізденіс те сол жылдардың табысты істері санатынан.

Әбдіраман Еділбаев, Владимир Югай сияқты отандық инвесторлармен күш қоса отырып, осы жылдары ауданның экономикалық әлеуетін жаңа биікке көтерген «Бапы» кен орнының ашылуына қол жеткізді, кәсіпорын қазіргі күнге дейін жұмысын сәтті жалғастыруда.

Ақтоғай ауданына қызметке ауысар алдында аудан орталығында тұрғын үй тапшылығын ескере отырып, екі қабатты үйдің жобасын дайын етті, бұрынғы ауыспарт-ком мен атқару комитетінің ескі ғимаратының орнындағы таудай үйдің көзін жойып, сол жерге екі қабатты жаңа балабақша үйін салғызып, тапсырып кетті. Бұлардың барлығы аудандық бюджет есебінен шешілді.

Негізінен Қайрекең ұстазға жарыған адам. Әкесімен қызметтес болған, бұл кезде зейнеттегі ел ағалары Мәлік Имашевтің, Кәмәлі Дүйсенбековтің ақылдарына зейін қойып, мәслихаттас болып, келелі әңгімелерін тыңдап, баталарын алған екен. Қызмет бабында ағалық-ұстаздықтарын көрген аудан басшылары Мейрам Абақановтың, Қасымбек Медиевтің, Сағымбай Медеубаевтың, Кәкімжан Сархановтың жақсылықтарын ұмытпақ емес. Қатарлас қызмет жасаса да жас алшақтықтары бар өнегелі ағалары Марс Төлеуқұловтан, Марат Түсіповтен, Жанат Жұқановтан, Есенбай Қасымовтан үйренгендері көп. Оны өзі ұдайы айтып отырады. «Жақсының жақсылығын айт» демеі ме халқымыз!

2012 жылдың соңына дейін Ақтоғай ауданында әкім болып қызмет жасады. Бүкіл жұмысқа

жаңаша леп, жаппай жинақылықпен тәртіп ала келді. Аудан орталығының бас жоспары дайындалды. Қысқа ғана мерзім ішінде ауданда бұрындары болмаған республикалық «Ақ бұлақ» бағдарламасы арқылы Сарытерек пен Қызыларай ауылдық округтерін ауыз сумен қамтамасыз етуге қол жеткізілді. Аудандық спорттық-сауықтыру кешенінің жобалау-сметалық құжаттамасы дайындалып, құрылыс жұмыстары келесі жылдың үлесіне қалдырылды. Маңдайшасы қисайып, тозып кеткен аудандық әкімдік ғимараты жаңғыртылды. Қарағанды жақтан кіре берістегі өте кейіпсіз жағдайдағы қос қабатты үйлерді шатырлауға, ардагерлер үйін жаңалауға, жолаушылар таң атпай дірдектеп автобусты далада тосады екен, иесіз тұрған ғимаратты автокөлік стансасы ретінде ыңғайға келтіру шаралары демеушілер арқылы жүзеге асырылды. Орталықты тарылтып тұрған алаңды кеңіту, Мәдениет үйінің сырты мен төбесін жаңалау, ескірген сахна атрибуттарын ауыстыру мен көркемөнерпаздарға жаңа киім тіктірту, барлық мектептерді жөндеуден өткізу, Сарышаған кентіндегі бір қазандықты жылыту жүйесімен қоса жөндеу, Сарышаған мен Шашубай кенттерінде бір-бір көшеден жаңғырту, тіпті, «Ақтоғай-Қарағанды» тасжолында 10 шақырымнан астам учаскені орташа жөндеуден өткізуді аудан қаражатымен жүзеге асырса, облыстық бюджет есебінен «Ақтоғай-Балқаш» тасжолының үлкен учаскесінің күрделі жөндеуді сияқты толып жатқан жұмыс атқарылды. Бір айтарлығы – Тілеубергеновтің жұмыс барысында қатал, тапсырмасының нақты, бақылауының мықты екендігін қызметтес болған азаматтардың бәрі жақсы білетін, әрі мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ететін. Жалғыз бюджеттік ресурстарға сүйеніп қоймай, өлкеде жұмыс атқаратын ірі кәсіпорындардың басшылықтарына да шығып мәселе шешті. Балқаш көлінің солтүстік жағынан ашылмақ алтын кен орнының мүмкіндіктерін айтқызып «Ақтоғай мыс» серіктестігінің бас директоры Анатолий Харьков пен бас геологы Андрей Шаховты арнайы шақырып, аудандық Мәдениет үйінде «Алтыналмас» акционерлік қоғамына қарасты «Пустынное», «Долинное» кен орындарының таныстыру рәсімін өткізді. Кейінірек акционерлік қоғамның бас директорымен кездесіп, алдағы уақытта ауданға қосымша инвестиция енгізуді жоспарлап та қойған екен.

Қазақтың күміс көмей әншісі Күләш Бәсейітованың 100 жылдығына елімізде лайықты назар аударымай жатқанына наразы болып ауданның жаңа басшысына телефонмен шықтым. Мен бұл кезде республикалық Ұлттық архивтің бас директоры қызметін атқаратынмын. Ол кісі бастаманы бірден қолдап, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің

бір топ депутаттарын белгілі қайраткер Кәкімбек Салықов бастап, Серік Тұрғынбеков бастаған ақын-жазушыларды қатыстыра отырып Күләш апамыздың мерейтойына арналған үлкен шараны Астана төрінде дүркіретіп өткізді.

Өмірінің келесі кезеңінде Қарағанды облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының орынбасары болып, 2013 жылдың соңына дейін қызмет жасаған Қайыржан Кәрімұлы 2019 жылдың қарашасына дейін Қарағанды облысының шахтерлер өңірі болып саналатын Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары болып қызмет етті. Бұған дейін тек ауылдық жерлерде қызмет жасаған Қайыржан Кәрімұлы өзіндік ерекшелігі мол қалалық жерде де жемісті еңбек ете алатынын көрсетіп, жұмысшылардың, жалпы тұрғындар арасында сөзі мен ісі қабысып жататын іскер басшы ретінде танылды. Әсіресе, Шахтинск өңіріндегі шахтерлер арасында абыройлы болды.

Қайсыбір қызметте болмасын тындырымдылық, қарапайымдылық қасиеттерімен ерекшеленіп, көп жылғы іс-тәжірибесінің арқасында кейінгілерге үлгі болып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қосқан үлесі зор екендігі көпке белгілі.

Көріп отырғанымыздай, Қайыржан Кәрімұлы – ұзақ жылдар қоғам өміріне белсене араласып, талай жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің сан салалы тарауын жандандыруға, жақсарта түсуге бір кісідей үлес қосқан танымал тұлға.

Қазір құрметті демалыста, зейнеткер болса да, жастардың патриоттық тәрбие алу ісіне атсалысып, облыстың колледждері мен мектептерінің ұжымдары алдында, облыстық Ж.Бектұров атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасында, қалалық балалар мен жасөспірімдер клубтарында тарихи-өлкетану тақырыптарына лекциялар оқып, кездесулер өткізеді екен. Бізбен жүздескенде Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұовтың туған күніне арналған кездесуден шығып тұрған сәті екен. Ахаң туралы әңгімесін жастардың зор ынтамен тыңдағанына разы екені түрінен білініп-ақ тұр.

Дана халқымызда егде жасқа келсе де, қайратты пішінімен, келісті сұлбасымен, қажырлы ісімен елінің ықыласына бөленіп, тұғырынан таймай, жұртшылықты сүйсіндіріп жүрген жанды «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» деп жататыны бар. Осыған мен де қосылып, бүгіндері жетпіс деген қазыналы жастың төріне шыққан, адамгершілік, ізгілік, парасаттылық, адалдық сияқты қазақы тәрбиені бойына сіңірген Қайыржан Тілеубергенов ағамыз да сүйегі асыл, ізгі мұратты, әділдікті ту етіп көтерген өресі биік тұлға дер едім.

Марат ӘБСЕМЕТОВ,
тарих ғылымдарының
докторы, профессор

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Шахтинск шаттыққа бөленген күн

Егемен еліміздің ең басты мерекесі – Республика күнінде Шахтинск шаһарының түріндегі шат-шадыман күй кешті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл күні қалалық Мәдениет сарайында өткен мерекелік салтанаттың сахнасына әуелі Мемлекеттік Туымыз келтіріліп, Әнұранымыз шырқалған соң Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков өзінің құттықтау сөзінде:

– Біздің кеңшілер қаласының әр тұрғыны еліміздің дамуына өз еңбегімен сүбелі үлесін қосып, Тәуелсіз Қазақстанымыздың іргесін нығайтып, оны өркендетуге белсене атсалысуда. Осы ретте жарқын болашаққа жол ашқан ардагерлеріміз бен жалынды жастарымыздың,

түрлі сала өкілдерінің тынымсыз тірлігі ерекше құрметке ие, – деп, қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысып, жаңа Қазақстанды құру жолында аянбай тер төгіп жүрген шахтинскіліктердің бір тобына тиісті марапаттарын тапсырды. Салтанат үстінде ең бірінші кезекте 6 баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеп-өсіріп отырған Жанар Нұржаубаева Қазақстан Республикасы Президентінің биылғы 25 қыркүйектегі Жарлығымен Күміс алқа иесі атанса, Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы «Шахтинскэнерго» ЖШС атқарушы директоры Мұхтар Рахимов пен осы серіктестіктің слесары Жалғасбай Қуандықовқа беріліп, облыс әкімінің Алғыс хатын тағы да аталған кәсіпорынның термо-ораушысы Владимир Грабов алды.

Ал, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша жарияланған «Па-



рыз – 2025» республикалық байқауында «Таңдаулы ұжымдық келісімшарт» аталымында бірінші орын алған «Союз» ЖШС Шахтинск қаласы әкімінің Алғыс хатына ие болып, бірқатар адамға Шахтинск қаласының Құрмет грамотасы табыс етілді. Осынау марапатты иеленгендердің қатарында Шахтинск қаласы прокуратурасының прокуроры Русланбек Ерниязов, қалалық Қоғамдық кеңестің мүшесі Рүстем Манапов, қалалық мәслихаттың депутаты Шолпан Бейсембаева, Ленин атындағы шахтаның кен қазу машинасының машинисі Александр Соллод, «Тентек» шахтасының 1-конвейерлік көлік учаскесінің механигі Игорь Каглиян, қалалық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің қызметкері Дария Аманжолова және тағы басқалар бар.

ШАХТИНСК

Сурет автордан

Қоғам қауіпсіздігі – басты назарда

Осакаров ауданында полицияның заманауи Жедел басқару орталығы ашылды. Бұл – өңірдегі құқықтық тәртіп пен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы маңызды қадам.

Болатбек ӘШМУЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда орталық жүйесіне қоғамдық орындар мен аудан орталығының көшелеріне орнатылған 109 бейнебақылау камерасы, сондай-ақ, мектептер мен балабақшалардағы 900-ден астам камера қосылған. Бейнежүйе нақты уақыт режимінде тәулік бойы жұмыс істейді. Полиция қызметкерлері кез келген оқиғаға жедел ден қойып, қауіптің алдын алуға мүмкіндік алып отыр. Бұл – заманауи технологиялардың тұрғындар қауіпсіздігін қорғаудағы нақты нәтижесі.

Салтанатты шараға облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Жанат Қакажанын пен Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов қатысып, жаңа орталықтың жұмысымен танысты.

– Біздің бөлімде заманауи Жедел басқару орталығы өз жұмысын бастады. Бұл жүйе ауданның қауіпсіздік деңгейін арттыруға,



қоғамдық тәртіпті бақылауға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға зор мүмкіндік береді. Бейнебақылау арқылы қазірдің өзінде 45 құқық бұзушылық анықталды, – дейді Осакаров аудандық полиция бөлімінің бастығы Әзиз Жұмағазиев.

Жаңа орталық полиция қызметінің тиімділігін арттырып, тәртіп сақшыларының жұмысын жүйелеуге жол ашады. Тәулік бойы үздіксіз бақылау жасау арқылы тәртіп бұзушылықтардың дер кезінде анықталуы қылмыстың азаюына, тұрғындардың өз қауіпсіздігіне деген сенімнің ар-

туына ықпал етері сөзсіз.

Қоғамдық қауіпсіздік – әр азаматтың өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Сондықтан мұндай орталықтардың құрылуы мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік жауапкершілігінің көрінісі деуге болады. Осындай жүйелердің арқасында жол қозғалысы ережелерін бұзу, ұсақ бұзақылықтар, қоғамдық орындардағы тәртіпсіздік сияқты оқиғалардың алдын алуға болады.

Жақын арада орталықтың жұмыс аясын кеңейтіп, жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған зияткерлік камералар



ЗАҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП

орнату көзделіп отыр. Бұл технологиялар халық көп жүретін жерлерде қауіп-қатерді ерте анықтап, күмәнді жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Тұрғындар бұл жаңашылдықты жылы қабылдады. Олар бейнебақылау жүйесінің көбеюін қоғамдық тәртіпті сақтау мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді жолы деп санайды.

Осакаров ауданы

Сурет облыстық ІІД баспасөз қызметінен

• ҚҰРМЕТ

Берекелі әулеттің тірегі – Ерғали Әпейісов

Қарағандының кеншілер өңірінде аты елге белгілі, еңбегімен үлгі болған азаматтардың бірі – Ерғали Әпейісов. Ол – маңдай терін адал еңбекке арнаған, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеген абзал әке, ардақты аға, қамқор жар.

Хақім Абай: «Тегінде адам баласына жақсы мінез – ата-анадан, жақсы ұстаз бен жақсы құрбыдан дариды» деген. Өңгімімізге арқау болып отырған Ерғали мырзаға жақсы қасиет те, өміріне азық болған өнеге де әкесі мен анасынан дарыған. Оған дәлел, әкесі Көмек ақсақалдың парасаттылығы, асқақ рухы, жомарттығы мен адамгершілігі. Бұқар жырау ауданындағы Ақөре кеншарының төңірегінде Көмек Әпейісов ақсақалдың ізгі жолын, халқына тиген шапағатын жұрт жырдан қылып айтады. Туған-туысына бауырмалдылығы бір төбе. Мейрам сопы Қаракесектің Шаншар руынан шыққан анасы Рабиганың тектілігі бөлек еді. Осындай ата-анадан туған Ерғалидің арда азамат болып жаралуы заңдылық, әрине.

Бүгінде жетпістің белесіне шығып отырған Ерғали Көмекұлы – үлкен, берекелі әулеттің иесі, шаңырақтың ұйытқысы. Тау-кен саласында талай жыл еңбек еткен ол – пенде баласының ала жібін аттамаған, жауапкершілігі жоғары жан. Сынағы мен қуанышы, ағы мен қарасы қатар жүретін «өмір» деп аталатын сапарда сынбады, мұқалмады. Жігерін қайратына, талабын биік мақсатқа ұштастыра білді. «Әке көрген оқ жонар», демекші әке есигетіне адал болып, әділдік пен еңбекқорлықты өмірлік ұстанымы етіп келеді. Ерғали Көмекұлының туыс пен досқа деген қамқорлығы – елге өнеге. Ол туыстар мен бауырлардың басын біріктіріп, арасына жылылық ұялата білетін дала дипломатиясының көрінісі.

Дана халқымызда: «Еркек қазанатымен сұлу, әйел азаматымен сұлу» деген аталы сөз бар. Өзінің ниетіне қарай, ақылы мен парасаты келіскен өмірлік серігі Бота Шәріпқызы екеуі балаларына адал еңбектің, төзім мен тәртіптің нағыз үлгісін көрсетіп



келеді. Екеуі ұл-қыз өсіріп, тәрбиелі де өнегелі ұрпақ өрбітті. Шыншылдық пен қарапайымдылықты, сабырлық пен ыждаһаттылықты сіңіріп, әріптестері мен жора-жолдастарының құрметіне бөленді. Бұл әулет – көпке үлгі, сыйластық пен бірліктің символы.

Бота Шәріпқызы балаларының білім мен тәрбие алуына ерекше мән беріп, ізгі қасиеттерді тек сөзбен емес, күнделікті өмірдегі іс-әрекетімен үйретіп келеді. Ақ пен қараны ажырата білу, елмен татулықта болу, достық пен сыйластыққа адалдық – осының бәрі Бота апайдың өнегелі болмысынан көрінеді. Дәмді де берекелі дастарқаны сол жылылықтың айғағы іспеттес. Балалары мен келіндеріне де сол береке дарып, бөрінің қолы ашық, жүрегі кең. Келіндерімен қа-

рым-қатынасы да ерекше. Әсіресе, келіні Жадыраны өз саласында еңбек етіп, ата-ана үмітін ақтап жүр. Қос егіз – Дариға мен Рабиганың «сіздер Жадыраны бізден де жақсы көресіздер ғой» деуі – осы отбасының жарасымды сыйластығының бір көрінісі.

Ерғали аға мен Бота апайдың тәрбиесі мен мейірімнен нәр алған ұл-қыздары бүгінде елдің әр саласында еңбек етіп, ата-ана үмітін ақтап жүр. Ұлы Асанәлі – әке сенімінен шыққан нағыз білімді, білікті, әр іске үлкен пайыммен қарайтын азамат. Бір бойына азаматқа тән барлық қасиетті жинай білген Асанәлі тектілікті жалғастырушы. Немере десе ішкен асын жерге қойып, олардың әр жетістігіне төбелері көкке жеткенше қуанады. Ата мен әженің сара жолын жалғап келе жатқан немере-жендер заманауи білімді меңгерген, өркениет көшіне ілесуге жас буын ретінде үлес қосып келеді.

Әсілінде, жаратушы адам баласына үлкен нығмет пен мүмкіндіктерді аямай берген. Сол мүмкіндікті ізгілікке бағыттай алсаң, өмір жолың да ерекше өріледі емес пе? Өмір атты ғажайыптың мәні де сол болар.

Әке – шаңырақтың тірегі, ұрпағына бағыт берер шамшырақ. Ерғали Көмекұлындай әкелердің өмір жолы – тұтас бір мектеп. Олар ұлға жауапкершілікті, қызға ізеттілікті үйретеді. Әкенің әрбір ісі, әрбір сөзі – ұрпақ жадында мәңгі қалады.

Қадірлі Ерғали Көмекұлы, мерейтойыңыз құтты болсын!

Шаңырағыңыздың шаттығы мен берекесі арта берсін. Бота Шәріпқызы екеуіңіз ұл-қыз, немере-шөбере қызығын көріп, аман-есен ғұмыр кешіңіздер.

Сіздердей еңбеккер, парасатты жандар – қоғамның алтын қазығы, елдің рухани байлығы.

Достары: Садыебеков Мұхамеджан Сайтбагин Нұрмұхамед №396

• ІЛТИПАТ

Ардагерлер ардақталды

Балқаш қалалық Ардагерлер кеңесінің, Ұзақ өмір сүру орталығының ұйытқы болуымен кеңестің бірқатар өкілі Алматы облысына сапарлап келді. Дәстүрлі сапардың құрамында қаланың қадірлі азаматтары, ұлағатты ұстаздар, даңқты дәрігерлер тәрізді түрлі салаға еңбегі сіңген Ардагерлер қозғалысының белсенділері бар.

Дәстүрлі деуіміздің себебі,

қалалық Ардагерлер кеңесі осындай тарихи-танымдық сапарларды жылдық бюджетінің үнемделген қаражаты есебінен жыл сайын ұйымдастырып келеді. Мәселен, балқаштық ардагерлердің сапары 2019 жылы Ақтоғай ауданының киелі жерлеріне ұйымдастырылса, 2020 жылы бір топ жерлес ардагеріміз Қарағанды қаласы Долинка кентіндегі «КарЛог» музейіне сапарлады. 2022 жылы – Ұлытау ауданындағы Жошы хан тарихи-мәдени кешенімен танысып, Алаша хан кесенесіне зиярат қылса, 2023 жылы Түркістан өңіріндегі киелі жерлерді, тарихи нысандарды аралап көрді. Өткен жылы Астана қаласындағы «АЛЖИР» мұражайына сапарлаудың сәті түссе, биыл міне, Алматы облысына – Көлсай, Қайыңды көл, Шарын шатқалы және Қара шатқалға сапар ұйымдастырылды.

Сапардың алғашқы күні жаңбырлы болды. Үлкендер табиғаттың тылсымына тамсанып,

ерекше көңіл күйге бөленді. Райымбек батырдың туған жері, жердің шетіне тиген жауды қуған жері біздің ардагерлерге таулы жердің ауа райын айрықшы қырынан көрсеткендей болды. Сөгеті тауларының сілемдері де аяғы тиген адамды сүйсінтпей қоймайды. Қырғын текше жазығы мен Ағанас жазығы да өн бойына тарихи оқиғаларды жасырған екен.

Таулы аймақтың жолында Кеңес уақытындағы қой совхоздары, сол уақытта дұркіреген Алғабас жылқы зауыты жері да әсерлі әңгімелерді құлағымыз шалды.

Осы тұста елң еткеніміз, сапарластарымыздың бірі, Балқаш қаласының Құрметті азаматы, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген барлаушысы», «Бірінші кен орнын тапқышы» атағының және «Кенші даңқы», «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері Ерлан Нәбиев біз сапарлап келе жатқан өңірдің тумасы екен.

• БАЙҚАУ

«Талаптың мініп тұлпарын...»

Жұмабек Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектепте ұлы ақын, кеменгер ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» атты байқаудың қалалық кезеңі өтті.

Байқауға қала мектептері-

нен 90-нан астам үміткер қатысып, өздерінің білімдері мен өнерлерін ортаға салды. Шараны негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған елдегі әділеттілік пен азаматтық жауапкершілікті күшейтуге бағытталған «Әділ қоғам» жобасының қағидаларын кеңінен насихаттау. Сонымен қатар, Абай шығармалары арқылы әділдік, адалдық және өзара құрмет сияқты ұстанымдарды жас ұрпақтың санасына сіңіріп, оларды адамгершілікке, рухани және мәдени құндылықтарды қадірлеуге баулу көзделді.

Байқау «Көркемсіз шебері» (5-8 сынып, 9-11 сынып) және «Даналық үні – қара сөзі» (9-11 сынып) номинациялары бойынша өтті. Әділ-қазылар алқасының шешімімен үздік өнер көрсеткен қатысушылар жүлделі орындарға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды. Жеңімпаздарға арнайы ақшалай сертификаттар табыс етіліп, олардың еңбегі мен шығармашылық ізденісі лайықты бағаланды.

Осы байқауда мектебіміздің мақтанышы, 8-сынып оқушысы Алуа Анарбаева ерекше өнерімен көзге түсіп, I орын иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алды. Бұл – мектебіміз үшін үлкен қуаныш пен зор мақтаныш! Байқау барысында Алуа көркемсіз оқу шеберлігін, сөз өнеріне деген сүйіспеншілігін және терең мән-мағынаға толы орындау мәдениетін көрсетті. Оның табандылығы, ұстаздарының еңбегі мен ата-анасының қолдауы бұл жетістікке жол ашты.

Қаракөз АБДИКАМАЛОВА,

Жұмабек Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Лейла БИСОЛТАН, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Өнегелі өмір өрнегі

Аймақ тарихында ізгілікті із қалдыра білген толағай тұлғалардың бірі – Саран қаласының Құрметті азаматы, облыстың Құрметті ардагері Айман Хайруллина. Ересен еңбек пен өмірдің өз мектебінен өткен кеуіананың ғұмыр жолы тұтас бір дәуірдің айнасы іспетті. Ел анасы Айман Қасымқызы торқалы 90 жасқа келді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

1935 жылы 28 қазанда Семей облысы, Жарма ауданының Герогиевка ауылында дүниеге келген Айман балғын шағында-ақ кнндықтың кермек дәмін татып үлгерген. Асқар тау әкесінің мезгілсіз бақилық болуы, соғыстан кейінгі жылдардағы ауыр тұрмыс, тағдыр тақсиреті, бәрі де қаршадай қыздың жігерін жанып, төзімділік пен еңбекқорлыққа үнсіз үндгендей еді. 1946 жылы отбасымен бірге Қарағандыға қоныс аударған ол мектепті үздік тәмамдап, 1954 жылы еңбек жолын қарапайым жұмысы болып бастайды. Сауда саласы сол бір жылдары мемлекет экономикасында аса маңызға ие болған шақтар еді. Ал, жас Айман Қасымқызы осы санқырлы саланың барлық сатысынан өтті. Қарапайым сатушыдан бастап, бас есепші, тауартанушы, сауда және қоғамдық тамақтану бөлімдерінің меңгерушісі, кейінірек

қалалық сауда басқармасының басшысы, қалалық атқару комитетінің жауапты қызметкері дәрежесіне дейін көтерілді.

Мәскеудегі Бүкілодақтық сауда институтын және Марксизм-Ленинизм университетін тәмамдаған ол білімін ғұмыр тәжірибесімен ұштастыра білді. Сауда саласында тәртіп пен мәдениетті қалыптастыру, халыққа сапалы қызмет көрсетуді жолға қою ісінде Айман Қасымқызының еңбегі ерекше-тұғын. Оның тамыршыдай тап басар көрген басшылығымен Саран қаласында бірқатар жаңа сауда нүктелері мен қоғамдық тамақтану орындары ашылды. Жас мамандар буыны тәрбиеленді. Еселі еңбек жолының қырық екі жылын ел игілігіне арнаған ардагер 1996 жылы зейнетке шықса да, қоғамдық өмірден әсте көз үзген емес. 1990 жылдардан бері Саран қалалық ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі, кейін сауда және қоғамдық тамақтану қызметкерлері ұйымының төрағасы, ал,



2006 жылдан бастап қалалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары қызметін ыждаһатпен атқарып келеді. Жетпіс жылдық еңбектің жемісі мен тоқсан жылдық ғұмырдың салмағы бір ғана ұғымға саяды: адалдық. Сол кіршіксіз адамдықтың иесі болған Айман апаның есімі ұрпақ жадында мәңгі жаңғырып тұрады. Себебі, ол өмірін мансапка емес, мағынаға, атаққа емес, арға бағыштады.

Айман Қасымқызы жалт ете қалар фәниге адалдықпен, адамдықпен қараған оқшау жан.

Қарапайым еңбек адамынан басшылық мәртебесіне дейін қалтқысыз қызмет атқарғаны үшін ол көптеген медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталды. Оның қатарында «Еңбек ардагері» медалі, «КСРО Сауда үздігі» төсбелгісі, түрлі мемлекеттік маңызы жоғары мерейтойлық және салалық марапаттар бар. 2022 жылы «Саран қаласының Құрметті азаматы» атанса, 2024 жылы «Қарағанды облысының Құрметті ардагері» атануы – сол еңбектің лайықты бағасы дер едік. Бүгінде табысының тайқазанын тасытқан 90 жасқа келген Айман анамыз ұлағат пен өнегенің зерлі нақышындай. Ұзақ жылдар бойы жиналған тәжірибесі мен өмірлік даналығы кейінгі буынға саф үлгі. Ол әлі күнге дейін қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, қаланың игі істерінің басында жүреді. Айман Қасымқызының өмірі – ерен еңбектің, адамдықтың айшықты үлгісі. Ол ғұмырын қызметке, парасатқа, айналасына нұр шашуға арнады. Еңбегінің өтеуі марапатта емес, ел жүрегіндегі ыстық ықыласта. Сол ілтипат пен құрмет – оның шынайы мұрасы.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

